



XVII ғасырдағы Еуропа әдебиеті



XVII ғасырдағы батыс еуропалық әдебиеттің даму тарихында 1600-1700 жылға дейінгі күнтізбелік аралық қана емес, өзіндік ерекшеліктерге толы дәуір болған. Ағылшындық Мильтон, Драйден, Бетлер, Беньян және Германиядағы Опиц, Мошерош, Грифиус пен Гриммельсгаузен, Испаниядағы Гонгора, Кеведо, Гевара, Кальдерон мен Грасиан және Корнель мен Расин, Мольер мен Лафонтен, Ларошфуко мен Лабюйер атты француз классиктері, Италиядағы Марино, Кьябреро немесе Базилия, Голландиядағы Бредеро мен Вондел сияқты жазушылардың шығармашылықтары Қайта өрлеу әдебиетіне де, ағартушылық әдебиетке де жатпайды. Олардың шығармашылықтары батыс еуропалық әдебиеттің дамуында ішкі қайшылықтардан тұратын өзіндік драмаға толы дәуірді бастан кешіреді. XVII ғ. Батыс Еуропада Ренессанс дәуіріндегі қоғамда пайда болған мәдениетті жаңа әрі күрделі әлеуметтік қатынастар негізінде жандандыра түседі. Бұл ғасырда феодалдық қоғамның ыдырауы мен капиталистік қоғамның жаңа формалары пайда бола бастайды...





Мольер
Жан Батист
Поклен.
(1622-1673)



● Француз ұлттық комедиясын жасап шығарушы, әлемдік классик, драматург. Мольер театры — көрермендерді күлкі арқылы тәрбиелейтін үлкен мектеп. Мольердің шын есімі — Жан Батист Поклен. Ол 1622 ж. 15 қаңтарда Парижде дүниеге келген. Оның әкесі Мольерді оқуға беруді ешқашан да ойламағандықтан, болашақ драматург тек 14 жасынан бастап оқу-жазуды үйренеді. Жеке шығармашылықпен айналысуды ойламаған жас Мольер трагедияда ойнайтын әртіс болғысы келді. Сондықтан да ол өзіне Мольер деген лақап ат қосып алады. Оның бірнеше пьесасы 1645 ж. Франция қалаларында, 1650 ж. Нарбонда, 1655 ж. Лионда қойылады. Драматург шеберлігі, міне, осы шығармадан басталады. Міне, осылай атақты француз комедиографы жарыққа шығады. Ол кезде Мольердің жасы небәрі 35 ғана болатын. 1658 ж. Версальдағы патша алдында көрсеткен қойылымнан кейін, оған Паль-Роял залында қойылымдарын көрсетуге рұқсат етіледі. Парижде өткен 14 жылдың ішінде Мольер 30-дан аса құнды әдеби шығармалар жазып, 52 жасында кенеттен қайтыс болады.

Moliere




- Француз ұлттық комедиясын жасап шығарушы, әлемдік классик, драматург. Мольер театры — көрермендерді күлкі арқылы тәрбиелейтін үлкен мектеп. Мольердің шын есімі – Жан Батист Поклен. Ол 1622 ж. 15 қаңтарда Парижде дүниеге келген. Оның әкесі Мольерді оқуға беруді ешқашан да ойламағандықтан, болашақ драматург тек 14 жасынан бастап оқу-жазуды үйренеді. Жеке шығармашылықпен айналысуды ойламаған жас Мольер трагедияда ойнайтын әртіс болғысы келді. Сондықтан да ол өзіне Мольер деген лақап ат қосып алады. Оның бірнеше пьесасы 1645 ж. Франция қалаларында, 1650 ж. Нарбонда, 1655 ж. Лионда қойылады. Драматург шеберлігі, міне, осы шығармадан басталады. Міне, осылай атақты француз комедиографы жарыққа шығады.
- Ол кезде Мольердің жасы небәрі 35 ғана болатын. 1658 ж. Версальдағы патша алдында көрсеткен қойылымнан кейін, оған Паль-Роял залында қойылымдарын көрсетуге рұқсат етіледі. Парижде өткен 14 жылдың ішінде Мольер 30-дан аса құнды әдеби шығармалар жазып, 52 жасында кенеттен қайтыс болады.



Мольер құрған тетар әлемі

- «Тартюф» атты комедиясының кіріспесінде Мольер: «Театр - ұлы түзетушілік қасиетке ие» деген эстетикалық көзқарасын білдіреді. 1664 ж. «Тартюф» (Тартюф сөзі екі жүзділік, оңбағандық, фальш, өтірік дегенді білдіреді) комедиясы жарыққа шығады. Мольер Тартюф бейнесін өте шебер көрсетіп, оны масқаралайды. Комедия соңғы кезде Париждегі діни топтардың көбеюіне байланысты шығады.






Дом Мольера в Отёй. Гравюра 18 в.

Театрдағы алғашқы адымдар

- 1666 ж. 4 маусымда Мольердің терең философиялық ойларға толы «Мизантроп» атты комедиясы жарыққа шығады. Комедияда екі достың арасындағы келіспеушілікпен көрсетіледі. Осы арқылы көрермендердің алдына екі түрлі шешім, екі түрлі өмірлік философия ұсынады. Бұл келіспеушілік екі достың адамдарға деген көзқарастарынан туындап, Альцист адамдардың барлығын қатыгез, оңбаған, тас жүрек деп айыптаса, Филинг адамдарды түрлі сипатта көріп, жақсы адамдар да өмір сүреді деп, адамдардың кемшіліктері мен әлсіздіктеріне шыдамдылық таныту керектігін алға тартады. Альцист адамдардан мейірімділік пен пәк сезімді күтіп, кемшілігін көрсе болды, олардан көңілі қалады. Мольер Альцисті мизантроп деп атайды. Ол Селименнің жаман, жеңілтек екенін біле тұра, оны жақсы көрді. Бірақ Селимен оны алдап, ақырында олар ажырасады да, нәтижесінде Альцист махабаттан да, достан да, бақыттан да бас тартады.
- ХҮІІ ғ. романдар Қайта өрлеу дәуірінде бастапқы орынға ие болған новеллалар мен поэмаларды ығыстыра отырып, үлкен жетістіктерге жетеді. Оның дамуында Франция жазушысы Сорель, Скаррон мен Фюретьер, Германиядан Гриммельсгаузен, Англиядан Бэньян сияқты жазушылардың қосқан үлесі ұшан теңіз. Осы дәуірдің соңғы кезеңіне қарай Батыс әдебиетінде реализм (Бэньяның «мистер Бэдменнің өмірі мен өлімі», Конгриваның «Өмірде осындай болады екен» атты соңғы комедиясы) мен рококо стилі пайда болады.

Париж көшелері...




Мольер бала күнінен театр өнеріне қатты қызыққан. Оның ең үлкен арманы – актер болу, театр ашу болатын. Мольер өз достарымен және пікірлес жақтастарымен бірігіп, актерлік труппа құрып, Парижде «Әйгілі жарқыраған театр» ашуға асық болады. Ол кез Франция театрының жаңадан аяқ басып, Парижде тұрақты актерлар труппасы енді-енді ғана пайда бола бастаған кез еді. Мольер өзінің драматургиялық шығармашылығы туралы ойлаған жоқ. Ол тек актер болуды, соның ішінде трагедиялық жанрдағы актер болуды армандайтын. Мольер мен оның достарының таудай тасыған шабытпен, жастық энтузиазммен бастаған бастамалары табысты болмады, сәтсіз аяқталды. Театрды жабуға тура келді. Содан кейін Жан Батист 1646 жылы кезбелі комедианттар труппасына қосылады. Ол – Франция қалаларын аралап жүрген кезбелі актерлар труппасы болатын. Бұл труппаны Нанта, Лимож, Бордо, Тулуз қалаларында кездестіруге болатын. Мольер жолдастарымен бірге ел аралап, қызықты қойылымдарымен жұртты қызықтыра түседі. 1650 жылы Мольер мен оның достары Нарбоннда өнер көрсетеді. Кезбелік өмір Мольер шығармашылығына қатты әсер етті, өмірлік көзқарасын, дүниетанымын байытты. Ол әртүрлі сословиелердің әдет-ғұрпымен танысты, халық аузындағы даналық сөздерді өз құлағымен естіді, көп нәрсені көрді, үйренді. Ал 1653 жылы Лион қаласында Мольер алғашқы пьесаларының бірі – «Делқұлыны» қойды. Бұл қойылым оның атын Еуропаға әйгілі етті.

Театрда сахналанған комедиялары

- 1658 жылы Мольер Парижге қайта оралды. Бұл кезде ол – тәжірибелі актер, драматург, өмірдің бар шындығын таныған, білген адам. Мольер труппасының Версальдағы король сарайының алдында қойған көрінісі табысты болды. Труппа астанада қалдырылды. Театр алғашында Пти-Бурбон үй-жайына орналасып, аптасына үш рет көрініс қойып отырды. Король талаптарынан шығу үшін Мольер комедия-балет жанрына қалам тербейді. Бұл бағытта ол 13 пьеса жазады, пьесаларының негізгі музыка алады.
- Мольер шығармашылық өмірінде өзінің бай әдеби мұрасына кіретін барлық шығармаларын дүниеге әкелді: «Тартюф», «Мизантроп», «Дон-Жуан», «Сараң», «Әйелдер мектебі», «Күйеулер мектебі» т.б. Оның таланты жарқырап көрінді.





Мольер. «Мизантроп». 1734. Ф. Бушенің картинкасы

FIDÉLITÉ présente
in association with Wild Beach

אז סרטים
ובתי קולנוע

לודיבין סנייה ("8 נשים")	אדואר באר ("השכנה מסול")	לאורה מוראנטה ("חדרו של הבך")	פבריס לוקיני ("זרים אנטומיים")	רומן דורי ("ליבי החסיר פסימה")
--------------------------------	--------------------------------	-------------------------------------	--------------------------------------	--------------------------------------



הצד המרגש
של הקומדיה

אלבי

במאי לוראן טיראר ("סיפור חי")
חסרטי לוראן טיראר וגרגואר וינירון



Драматург өлімі

- Драматург өмірінде көптеген қиыншылықтарға тап болды, әсіресе, замандастары тарапынан оған деген көреалмаушылықтар басым болды. Сондықтан Мольерге өзіне жамандық ойлаған жауларынан қорғану керек болды. Жауларының қатарында Мольердің сатиралық комедияларының өткір найзасына түйрелген ызалы қарсыластары жасырынып тұрған болатын. Драматург шығармалары жоғарыдағы шенеуніктерге, дінбасыларына атылған оқпен тең әсер етті. Ол арсыздар халықтың мақтанышына айналған Мольердің сыртынан адам сенгісіз әңгімелер таратып жүрді. Ұлы тұлғаның есіміне кір келтіріп, жеккөрінішті етуге тырысты.
- Осындай қиыншылықтар драматургтың денсаулығына әсер етіп, оны ауруға шалдықтырды. Ол 52 жасында аяқ астынан қайтыс болады. Бұл күні өзінің «Ауыр халдегі кісі» пьесасының қойылымы кезінде Мольер қатты сырқаттанып тұрғанына қарамастан, басты рольде ойнаған болатын. Көп ұзамай, спектакль аяқталған соң, бірнеше сағаттан кейін атақты драматург көз жұмады (1673 жылдың 17 ақпанында).

